

2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 77 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 17 наурызда № 2576 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31, 37 баптарына және "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6 бабының 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Қордай ауданы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімдігінің білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі аталған қаулы баспасөз беттерінде және жергілікті атқарушы органның интернет – ресурстарында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б. Жамангозовке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Қ. Досаев

Қордай ауданы әкімдігінің
2015 жылғы "27" ақпандағы
№77 қаулысына қосымша

2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

№	Мектепке дейінгі	Мемлекеттік білім беру тапсырысы, (орын) оның ішінде қаржыландырылатын	Бір айға жан басына шаққандағы қаржыландыру мөлшері, (теңге) оның ішінде қаржыландырылатын		Бір айға ата-ананың ақы төлеу
		Республикалық	Республикалық	Жергілікті	

	мекемелер атаулары	нысаналы трансферттер есебінен	Жергілікті бюджет есебінен	нысаналы трансферттер есебінен (теңге)	бюджет есебінен (теңге)	мөлшері (теңге)
Мектепке дейінгі мемлекеттік ұйымдар						
1	Шағын орталықтар	1 843	200	11 468	11 468	4 500
2	Балабақшалар	1 890	1230	20 938	20 938	5 000
Мектепке дейінгі жекеменшік ұйымдар						
1	Шағын орталықтар	116	0	5 734	0	0
2	Шағын орталықтар	60	0	11 468	0	0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК